



# **ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Философия және саясаттану факультеті**

## **ПСИХОЛОГИЯ**

**Айдосова Жанерке Кошкарарвна**

**Психология магистрі,**

**аға оқытушы**

## **1-модуль.**

**Ұлттық сананы қалыптастыру  
контекстіндегі тұлға психологиясы.**

## **1-дәріс.**

**Тұлға психологиясындағы тұлға  
және ұлттық сана мәселелері.**

## **Дәрістің жоспары**

1. Тұлға психологиясына жүйелік талдау.
2. Тұлға құрылымы.
3. Тұлға және ұлттық сана мәселелері.
4. Тұрақты тұлға қасиеттері.

## **Дәрістің мақсаты:**

- тұлға психологиясына жүйелік талдау жасай отырып, тұрақты тұлғалық қасиеттерді анықтау біліктілігін қалыптастыру;
- ұлттық сана қалыптастыратын механизмдерді талдау арқылы қазақ болмысындағы ұлттық тұлғалық қасиеттерді анықтау.

## I. Тұлға психологиясына жүйелік талдау

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әр түрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына **табиғи тума қабілет, қоршаған орта да** әсер етеді деп есептеген.

Адам дүниеге **индивид** болып келіп, **тұлға** болып әлеуметтік даму барысында қалыптасады.

**ИНДИВИД**



- табиғи тума қабілет
- қоршаған орта

**ТҰЛҒА**



## I. Тұлға психологиясына жүйелік талдау




Адам биологиялық құбылыс ретінде **ИНДИВИД** болып табылады. Индивид ретінде адам:

- уақыт барысында өседі, өзгереді;
- дене бітімі оның психологиялық ерекшеліктерін анықтайды;
- жүйке жүйесі жылдамдық сапасын береді;
- жыныс адамның ақпарат өңдеу ерекшеліктерін анықтайды.



## II. Тұлға құрылымы



Адам түрлі кәсіби мамандық иесі ретінде **іс-әрекет субъектісі** болып дамиды, жеке даралығын қалыптастырады.

**Даралық** дегеніміз жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің қайталанбас қиысуы түрінде байқалатын нақты өзгешілігі. Оған жеке өмірлік жол, тәжірибе, қайталанбас индивидуалды стиль мен өнімділікті жатқызамыз.

**«Тұлға» ұғымы** адамды әлеуметтік тіршілік иесі ретінде сипаттау үшін керек.

### III. Тұлға және ұлттық сана мәселелері

Тіл, мәдениет, дәстүрлер – ұлтаралық ерекшеліктерді анықтайтын өлшемдер.

Ұлттық сана халықтың әлеуметтік-мәдени, экономикалық, саяси тарихымен бірге қалыптасады. Адам өзін өзге ұлт өкілдерінен ажыратып, өз ұлтына қатыстырады.

Бұл Б.Ф. Поршнев ұсынған **«біз және олар»** антитезасын суреттеп, ұлттық, этникалық сана формуласын қалыптастырады.

## Ұлттық сана

Ұлттық сана дегеніміз елдің өткен тәжірибесімен өзінің бойындағы бар мүмкіндігін (адамгершілік, қабілет, білім) қатар иеленіп, қоғамында орын алып, өзекті болып отырған әлеуметтік мәселелерге жауапкершілікпен қарайтын, жеке басына ие және қоғамын игілікке жетелей білетін, өз болашағына жауапты, ел болашағына ізгілік әкелетін нәрселерді танып, иелене алған адамның түсінігін, ұғымын, ой өрісін, іс-әрекетін айтамыз.



old2.aikyn.kz

«Болмыс мінсіздігі, әлеуметтік ортаға бейімділік, түсінік, ел жағдайын түсіне білетін және зерделей алатын қабілеттің, есте сақтау қабілетінің болуы. Алғырлық, аңғарымдылық, сезімталдық, ақылды болу, сөзге шешен, өнер, білімге құштарлық, жалықпайтын, іздене білетін, еңбекқор, қиындыққа төзімді, барлығын ақылмен зерделеп, сабырмен қабылдайтын мінез, ұқыптылық, үлгерімді, қанағатшыл, ар-намысы, ұяты мол, иманды, шыншыл, рухы биік, елін сыйлайтын, тектілікті сүйетін, тарихты білетін, ізгі нәрселерге ғана ұмтылатын, оңай олжа табуға жирене қарайтын, әділетті, шынайы, қайырымды, рақымшыл, ақ көңіл, зұлымдығы жоқ, кез-келген жағдайда дұрыс шешім қабылдай білетін, батыл, ержүрек адам».

әл-Фараби [2. 702-703 бб.]



lh3.googleusercontent.com

## «Үлкен бестік»

Экстраверсия –  
интроверсия

- Қарым-қатынас, жағымды эмоция, энтузиазм, өзіне сенімділікпен бағаланады.

Ақкөңілділік – оғаштық

- Тартымдылық, сенім, альтруизм, қарапайымдылық және ашық ойлау қабілетімен бағаланады.

Адалдық – табиғи

- Нормаларды қадағалау, сенімділік, жауапкершілік, құзыреттілік, жетістікке жету және өзіндік реттеу сапаларын бағалауға арналған.

Нейротизм – эмоционалды  
тұрақтылық

- Эмоциялық тұрақсыздық, алаңдаушылық, қастық, мазасыздық, қырсықтық, депрессиялық, өзіне сенімсіздікті анықтауға бағытталған.


Тәжірибеге ашықтық –  
консервативтілік

- Мәдениет деңгейі, интеллект, идеяларды жинақтау дағдысы, танымдық қабілеттер, жаңа білімдерге сезімтал болумен байланысты.


**Экстраверттер**



**Интроверттер**



## Оғаштық



## Ақкөңілділік





Адалдык



Табиғи



## Нейротизм



## Эмоционалды тұрақтылық



Тәжірибеге ашықтық



Консервативтілік



# Қорытынды

1. **Тұлға** – адамның әлеуметтік қатынас субъектісі ретінде қоғамдық қатынасқа енуімен анықталатын біріккен іс-әрекет және қарым-қатынаста қалыптасатын индивидтің жүйелі қасиеті.
2. В.А. Ганзеннің жүйелік талдау әдістемесіне сәйкес, тұлға құрылымына темперамент, мінез, бағыттылық (мақсат, мотивация, құндылықтар, қызығушылықтар) және қабілет кіреді. Бұл психологиялық сипаттамалар адамның әлеуметтік даму барысында қалыптасып, қарым-қатынас жетістігінің негізі болып табылады.
3. Ұлттық сана – халық бірлігінің басты факторы мен механизмі. Ол тілде, халық дәстүрлерінде, аңыздар мен ертегілерде, әлеуметтік және тұрмыстық қарым-қатынаста, сөйлеу мәдениетінде, әдет-ғұрыпта көрініс алады. Ұлттық сана негізінде жеке адам болмысына ауызбіршілік, еңбекқорлық, адамгершілік, терең білім, адалдық қасиеттері ұялайды.
4. Әрбір тұлға өзіне тән тұрақты қасиеттерге ие. Олар экстраверсия, тәжірибеге ашықтық, адалдық, ақкөңілділік, нейротизм деп бөлініп, мінез негізін қалыптастырады.

